

"Адвокаттық қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 3-тармағының Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестілігі туралы

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 1999 жылғы 2 шілде N 12/2 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі Төраға Ю.А.Ким, Кеңес мүшелері Ж.Д.Бұсырманов, А.К.Котов, Қ.Ә.Омарханов және В.Д.Шопин қатысқан құрамда, Қазақстан Республикасының Әділет вице-министрі С.М.Жалыбиннің, Бас прокуратура департаментінің аға прокуроры Ү.Ш.Сейітқазиннің, Қазақстан адвокаттар одағы президиумының мүшесі, Ақмола облыстық адвокаттар алқасының төрағасы Ғ.Ыбраеваның және "Интерколледж" Қазақ аумақаралық адвокаттар алқасының мүшесі Н.Е.Жанәбіловтың қатысуымен ашық отырысында Алматы қалалық сотының "Адвокаттық қызмет туралы" Z970195_ Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 3-тармағының Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестілігі туралы ұ с ы н ы м ы н қ а р а д ы .

Баяндамашы - Конституциялық Кеңестің мүшесі А.К.Котовты, отырыс қатысушыларын тыңдап, тәуелсіз сарапшы - заң ғылымдарының кандидаты М.К.Өмірқұловтың қорытындысымен танысып шығып және қолда бар материалдарды зерделей келе, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі мынаны анықтады :

1999 жылғы 8 маусымда Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесіне Алматы қалалық сотының, жоғарыда көрсетілген соттың шаруашылық істер жөніндегі алқасының өндірісінде Алматы қаласы прокурорының Алматы қаласының "Интерколледж" Қазақ аумақаралық адвокаттар алқасының құрылтайшылық құжаттарын жарамсыз деп тану туралы Алматы қаласының әділет басқармасына, Алматы қаласының әкіміне, Алматы қаласының "Интерколледж" Қазақ аумақаралық адвокаттар алқасына талабы бойынша N 147 пд/8 іс қаралуда деп көрсетілген ұсынымы к е л і п т ү с т і .

Алматы қалалық соты, "Адвокаттық қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының "облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың аумағында бір адвокаттар алқасы құрылуы және әрекет етуі мүмкін" деп белгілейтін 20-бабы 3-тармағының нормасы, қызметі "Қоғамдық бірлестіктер туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен реттелетін, Қазақстан Республикасы азаматтарының бірлесу бостандығына құқығын баянды ететін Конституцияның 23-бабы 1-тармағының нормасына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Конституциясының 39-бабы 1-тармағының нормасына қайшы келуін көріп, іс бойынша өндірісті тоқтата тұрған.

Мәселені мән-жайлы қарауда Конституциялық Кеңес мынаны ескерді.

Қоғамдық бірлестіктердегі еркін мүшеліктен айырмашылығы, адвокаттар алқасы адвокаттық қызметпен шұғылдануға құқы бар тұлғалардың қатарынан, Қазақстан Республикасы Конституциясының 13-бабының 3-тармағына сәйкес әркімге, соның ішінде заңда белгіленген жағдайларда тегін, білікті заң көмегін көрсету үшін ("Адвокаттық қызмет туралы" Заңның 6-бабы) және қылмыстық істерді қарауда міндетті түрде қатысу тәртібінде (Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 71 бабы Z 9 7 0 2 0 6 _) құрылады.

"Адвокаттық қызмет туралы" Заңның 27-бабына сай, адвокаттық алқаларға мүшелік міндетті болып табылады және бірқатар арнайы талаптармен шартталады, ал адвокаттардың қызметі Қазақстан Республикасы Президентінің "Лицензиялау туралы" конституциялық заң күші бар 1995 жылғы 17 сәуірдегі Жарлығының 10-бабының 4) тармақшасына сәйкес лицензиялауға жатады.

Мемлекет облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың аумағында әрекет ететін бірыңғай адвокаттар алқасына жеке және заңды тұлғаларға білікті заң көмегін көрсету, еңбек ақысын төлеу заңмен мемлекет есебіне жатқызылған бұл адвокаттар алқалары мүшелерінің сот төрелігін жүзеге асыруға қатысуын қоса отырып, конституциялық-құқылық міндетін жүктейді (ҚІЖК-нің 71-б. және АІЖК-нің 9 0 - 1 - б .)

Аймақтық және жергілікті қоғамдық бірлестіктерге мүше болу лицензиялаумен шартталмаған; Конституцияның 5-бабымен және "Қоғамдық бірлестіктер туралы" Z960003_ Заңның 4-бабымен қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік органдардың қызметін жүктеуге жол берілмейді.

Ескерту. Дәлелдеме бөлігінің 7-ші абзацына өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2007.11.08. N 9 Қаулысымен.

Адвокаттар алқасына жеке тұлғалар да (адвокаттар), заңды тұлғалар да (заң консультациялары, қалалар мен елді мекендердегі, соның ішінде бір адвокат құрған, адвокаттық кеңселер ["Адвокаттық қызмет туралы" Заңның 32, 33 баптары]) кіруі мүмкін. Сол арқылы "Адвокаттық қызмет туралы" Заңмен заң көмегін көрсету үлгісінің көп түрлілігі мен жеңілдігі және жеке және заңды тұлғалардың оларды таңдап алу бостандығы қамтамасыз етілген. Қоғамдық бірлестіктерге, олар туралы заңға сай, өз мүшелерінің мүддесін көздеп кәсіби дайындығына және қоғамдық қызметінің түріне қатыссыз тек қана жеке тұлғалар кіреді.

Демек, адвокаттар алқасы өзгеше, коммерциялық емес заңды тұлғалардың дербес ұйымдық-құқылық формасы болып табылады (ҚР АҚ-нің 34-бабы (жалпы бөлім) және Қазақстан Республикасы Конституциясының 23-бабы 1-тармағының әрекетіне ұшырамайды, ал оның "Адвокаттық қызмет туралы" Заңда белгіленген құрылуы мен қызметінің принциптері, осы Заңның 20-бабының 3-тармағымен белгіленгенін қосқанда, конституциялық емес, Қазақстан Республикасы азаматтарының, қызметі

Конституцияның 23-бабына сай жеке Заңмен реттелетін бірлестіктерге бірігуге жалпы құқын шектейді деп саналуы мүмкін емес.

Бір облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың аумағында, өзінің аталуына сәйкес әкімшілік-аумақтық бірліктің атауын енгізген бір адвокаттар алқасының құрылуы туралы норма Конституцияның 39-бабының 1-тармағына қайшы келмейді, себебі "Адвокаттық қызмет туралы" Заңның 20-бабының 3-тармағы адамның және азаматтың конституциялық және нендей бір өзге құқықтарын шектеуге бағытталмаған. Бұл норма Қазақстан Республикасы Конституциясының 13-тармағына сәйкес оларға білікті және міндетті заң қорғауына кепіл болуға қаратылған. Бұл да Қазақстан Республикасы Конституциясының 39-бабы 1-тармағының мақсаттарының бірі болып табылады.

Республика азаматтары ретінде адвокаттардың бірлесуге құқы өз мүшелерінің заңды мүдделерін қорғау ортақ мақсатында ерікті түрде құрылатын қоғамдық бірлестік (ассоциация) - Қазақстан адвокаттар одағы түрінде, сондай-ақ, іс-әрекеті адвокаттық қызмет көрсетумен байланысты болмаған кез-келген басқа қоғамдық бірлестіктерге кіру жолымен жүзеге асырылады.

Баяндалғанның негізінде, Қазақстан Республикасы Конституциясының K951000_72-бабының 2-тармағын, Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" U952737_ конституциялық заң күші бар Жарлығының 37-бабын басшылыққа алып, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі қаулы етті:

1. "Адвокаттық қызмет туралы" Заңның 20-бабы 3-тармағының нормасы Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Конституциясының 74-бабының 3-тармағына сәйкес осы қаулы қабылданған күнінен бастап күшіне енеді, шағымдануға жатпайды, Республиканың бүкіл аумағында жалпыға бірдей міндетті және Қазақстан Республикасы Конституциясының 73-бабының 4-тармағында көзделген жағдайларды ескеріп түпкілікті болып табылады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
К о н с т и т у ц и я л ы қ К е ñ е с і н і ñ

Төрағасы